

Н.Б. Смағұлов¹, А. Ташағыл²¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;²Едетене университеті, Түркия
(E-mail: Smagulov_ist@mail.ru)

Ежелгі түркілердің дүниетанымы — «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясының негізі

Мақалада түркілердің дүниетанымдық көзқарасын талдау арқылы ғылыми тұжырымдар жасалған. Авторлар Түркі қағанатының құрылу қарсаңында мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті құрылым ретінде діни-идеологиялық және әлемді тану жөнінде өздерінің көзқарасы болған деген пікірге тоқталған. Түркілердің дәстүрлі дүниетаным жүйесі Тәңірі, Жер-Су, Ұмай, Құт деген негізгі ұғымдардан тұратынына басты назар аударған. Осы ұғымдарға жеке-жеке тоқталып, ғылыми сараптамалық талдаулар жасай отырып, алдарына қойған мақсат-міндетін айқындаған. Ежелгі түркілердің дәстүрлі дүниетанымы мен наным-сенімдері туралы зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай отырып, олар тек бір Тәңірге табынғанын атап көрсетеді. Авторлар түркілердің қоршаған ортаға, табиғатқа құрметпен қарауы олардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің ажырамас бөлігі болған деген ғылыми ойды нақты дәлелдермен көрсеткен. Қорытындысында ежелгі түркілердің дүниетанымының олардың мемлекеттік идеологиясының негізі болған деген ғылыми пікірді айтады. Ежелгі түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологиясының мақсаты жат жерлік идеяларға қарсы тосқауыл болғанын дәлелдеген.

Кілт сөздер: Тәңірі, Жер-Су, Ұмай-ана, Құт, қаған, Мәңгілік Ел, Өтүкен, Ұлы дала, Түрік қағанаты, орхон-енисей, идеология.

Ерте ортағасырларды Қазақстан тарихында түркі дәуірі деп те атайды. Бұл кезеңде Еуразиялық Ұлы дала түркілердің басшылығымен бірігіп, бұрын-соңды болмаған эносаралық коммуникациялық байланыс жүзеге асырылды. Түркілер Жерорта теңізі мен Тынық мұхиты арасындағы алып территорияны жайлап, Ұлы Жібек жолын қадағалап, халықтар мәдениеттерінің өзара араласуына жол ашты.

Оңтүстік Сібір, Орта және Орталық Азия мен Шығыс Еуропаны мекен еткен түркі тілдес тайпаларды біріктірген Түрік қағанаты өзіне дейін өмір кешкен сақ, ғұн, қаңлы, үйсіндердің мемлекеттік дәстүрін бойына сіңіре отырып, көшпелі қоғам мен отырықшы мәдениет ерекшеліктерін біріктірген жаңа сапалық деңгейдегі мемлекет құрды.

Біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың орта шенінен бастап Ұлы даладағы этникалық-саяси жағдай өзгерді. VI ғасырдан бастап сақтардың, үйсіндердің, ғұндардың уақыты өтіп, түркі дәуірі басталды. Яғни, Тынық мұхитынан, Солтүстік Монғолия далаларынан және Алтай тауларынан, Қазақстанды басып өтіп, Қара теңіздің жағалауына дейін түрік халықтары өсіп-өркендеді. Сол кезден бастап Орталық Азияның ұлан-байтақ аумағы, соның ішінде Қазақстан да ертедегі түріктердің қуатты этникалық-мәдени қауымдастығының өресіне енді. Бұл аумақ ауқымында түрік тайпалары үшін ең белсенді тарихи орталық Алтай болды. Шамамен алғанда, б.з.б. V ғасырда Ашина әулеттік руының өмір сүруі кезінен одан әрі солтүстік-батысқа қарай қоныстанып, Оңтүстік Сібірдің көп бөлігін, Қазақстанды, Орта Азияның солтүстік және шығыс бөлігін, Еділ бойын, Шығыс Еуропаға дейін қамтыған көшпелі түріктердің негізгі көпшілігі сол жерден шыққан [1; 435]. Бұл орасан-зор территорияны 30-дан астам түркі тектес тайпалар мекендеді. Бұдан біз халық санының көп болғандығын көреміз. Халық санының көптігі және дүниетанымында әлемнің төрт бұрышын игеруге деген талпынысының зор болғандығынан түркілердің ширақ қимылдап, дүние тарихында өте маңызды рөл атқаруға мүмкіндік жасады. Түркі халықтарының осы орасан зор кеңістік пен ондағы ауа райы туралы түсінігі жоғары болды. Оған себеп — олар климаттық жағдайға орай шаруашылығын жүргізді. Жат елдермен сауда-саттық жасады, мал және тауармен қатар, ой алмастырды, сол орайда өздері де игіліктерге ие болды. Жаугершілік болған кездері олардың айла-тәсілдерін, күш-қуатын бағамдады [2; 90]. Түркілердің құрыш сауытты, көк найзалы қуатты атты әскерінен көршілері үнемі сақтанып отырды. Дәстүрлі түркі дүниетанымының дәуірлеп тұрған кезінде, яғни түркі мемлекеттілігінің империялық дәрежеге жеткен тұсында, түркілер бүкіл әлемді билеуге өздерін ғана құқылы санап, оны «түркілер — Тәңірінің сүйікті жаратылысы» деген діни түсініктің аясында мойындаған [2; 171]. Кей жағдайларда түркілер саяси өзгерістердің ықпалымен

өздерін билеген басқа да әмірші әулеттердің қарамағында да өмір сүріп жатты. Соған қарамастан, түркілердің дүниетанымында ортақ мәдениеттің, тіл, әдет-ғұрып, дәстүрдің бірлігі берік сақталды. Әсіресе Алтай көшпенділердің мекен етуі үшін, мәдениеттің пайда болуы мен дамуы үшін мейлінше қолайлы жағдайлар туғызды. Темірдің Алтайда өндіріліп, өңделуі, түркі суперэтносты мен этностының отаны Алтай болғаны бекерден бекер емес [3; 191].

Түркі қағанатының құрылу қарсаңында мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті құрылым ретінде өз діни-идеологиялық жүйесі болды. Ұлы ғұн империясы ыдыраған соң бірнеше ғасырлық үзілістерден соң олардың мұрагерлері түркілер өз тарихында болып өткен мемлекеттілікті, империялық заманды аңсап, қайта қалпына келтіруге тырысты. Ғұн мемлекеті ыдырағанымен, оның мемлекеттік дәстүрлері із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ. Түркі қағанаты ғұндар тұсында қалыптасқан көшпелілерге тән дәстүрлі мемлекеттік жүйені мұраға алды. Ұлы даладағы біртұтас мемлекеттің негізін қалаған түркі тайпаларына ғұндардың бір тіл мен мәдениетке, бірыңғай этникалық сипатқа ие тайпалармен қатар, әртүрлі этникалық, шаруашылық текке ие халықтар мекен ететін ұлан-байтақ территория ғана емес, мемлекет құрылымына негіз болған, әлі толық пісіп-жетілмеген, бірақ даму жолындағы билік жүйесі және дәстүрлі дүниетанымы қалды [2; 45]. Түркілердің алдында енді осы мұраға қалған дәстүрді жетілдіріп, дамыту міндеті тұрды. Бұл туралы С.Г.Кляшторный: «Ғұндар емес, олардың мұрагерлері – түркілер Орталық Азияға тән шаруашылық типтердің, саяси ортақтықтар мен мәдени дәстүрлердің қалыптасуына шешуші ықпал етті», — деген пікірінің жаны бар [4; 48]. Жалпы алғанда, түркілердің дүниетанымының бастауы сақтар, үйсіндер мен ғұндардың дәуірінен тарихи сабақтастықпен жалғасып келді. Түркілердің тұрмысы, ойлау мәнері, сенім-нанымдары, әлемге көзқарасы, салт-дәстүрлері Ұлы даланың өміріне сәйкес қалыптасты. Л.Н. Гумилев: «Дәстүрлі түркілік дүниетаным материалдық құндылықтардан гөрі, ата-бабалар өмірі мен олардың ерліктері туралы ұрпақтан ұрпаққа берілген рухани құндылықтарға және сөзге негізделген, сомдалған», — деп баға береді [5; 145]. Байырғы түркілердің өз қолымен жазып қалдырған Орхон бойындағы Білге қаған, Күлтегін, Күлі-чор, Тоныкөк, Ел-етміш білге қаған есекерткіштерінің мәтінінде Түркі қағанатының мемлекетіне, атқарушы үкіметіне, ел басқару әкімшілік жүйесіне, әскери ісіне, оның құрылымына түркілердің дүниетанымына байланысты деректер мол [6; 312]. Түркі әлемінің дәстүрлі дүниетанымы неден және қалай қалыптасты деген сауалға келсек, оны рухани мәдениеттің қалыптасуы және қайта жаңғыру құбылысымен тұтастықта қарастыру қажет. Түркілердің орасан-зор аймаққа еркін таралып, қоршаған ортаны жылдам игеруінің өзі олардың әлем туралы дүниетанымын кең болғандығынан екені белгілі. Түркілердің дәстүрлі дүниетаным жүйесі мынадай негізгі ұғымдарды біріктірді:

- 1) Тәңірі — түркілердегі Жаратушы, жарылқаушы, бақылаушы және жауап алушы Құдай.
- 2) Жер-Су — түркілердің Тәңірі берген Отаны, өмір сүру кеңістігі, мекені.
- 3) Ұмай — әлемнің әйел бастауы, балалар мен әйелдердің жебеушісі, қолдаушы.
- 4) Құт — Тәңірінің түркілермен бірге оларға арналған несібесі, үлесі, өмірлік күш-қуаты немесе қолдаушысы [2; 26].

Міне, осы негізгі наным-сенімдер мен діни ұғымдар түркі мемлекеттілігінің қалыптасуына, түркі қоғамындағы қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуге, қағанаттағы сыртқы-ішкі істерді дұрыс ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралардың шеңберін белгілеп берді [2; 26].

Аспанға көз жіберген ежелгі түркілер өмірді өзінің дүниетанымдық кеңістік тұрғысынан қалыптастырған. Ол тік кеңістіктің үстіңгі бөлігін Тәңірі әлеміне және өзінің орталық әлеміне — Жер мен Суға бөлді, осылардың бәрінің жиынтығын тіршілік ету көзі деп қарады. Онда Жер мен Тәңірге табынушылық осы нанымда басты орын алады. Олар Тәңірі мен Көк аспанды бір ұғымда қарастырып, сыйынды [7; 149]. Тәңір — байырғы түркі халықтарында аспандағы Құдайдың аты. Бұл ұғым Хунну (Сюн-ну, Гун) дәуіріне дейін орнығып (б.з.б. III ғасырға дейін), кейіннен осы көшпелі Ұлы дала империясының идеологиясына айналып, кейінгі түркі империяларына да идеологиялық алтын қазық болғаны қақ. Бұл жайында қытай деректерінде хуннулардың билеушілерін «Танг-ли кү-тү» (Тәңірікүты), «Тәңірі текті Шаньюй» (Мао-гун) деп ұлықтағанын білеміз. «Тәңірі» сөзін алтай текті халықтардың ішінде кең таралуына қарап-ақ осы сөздің түптөркінінің қаншалықты алысқа кетерін болжау қиын емес. Тәңірі сөзін: алтайлықтар – тенгри, тенгери; монғолдар – тэнгэр; шорлар – тегри; хакастар – тигир, тер; чуваштар – тура; сахалар – тангара; буряттар – тэнгэри; тувалар – дээр; қалмақтар – тэнгер деп атаған [8; 22]. Түркілерде бір «Тәңір» ұғымы болғандығын ортағасырлық араб және парсы саяхатшылардың еңбектерінде көрініс тапқан. X ғасырда араб географы Әл-Макдиси Орталық Азиядағы түркілердің наным-сенімі туралы былай деп жазады: «Түріктер бір Тәңірі, яғни

«Тәңір біреу», — дейді. Олардың кейбіреулері Тәңірі дегеніміз — зеңгір көктің атауы деп пайымдаса, ал енді біреулері Тәңірі деген — көктің нақ өзі, дейді» [9; 447]. Бұл сенім жүйесінде Тәңір ең жоғарғы болмыс саналды. Соғыста түркілер үшін келген жеңіс пен сәттіліктер Тәңірдің қалауымен келеді деп сенді. 682 жылы Тан империясына 50 жыл бойы бағынышты болған түркілер, тәуелсіздік үшін көтеріліске шыққан кездегі қолжеткізген жақсылықтарын Тәңірі қолдап шықты деп сенеді. Бұл Тәңіршілдік түріктердің басты дүниетанымы болды. Бұл мәтін Күлтегін ескерткішінде былай жалғасады: «Сол кезде жоғарыдағы Түрік Тәңірісі, Түріктің киелі Жері, Суы былай депті: «Түркі халқы жойылмасын деп, ел болсын» деп әкем Елтеріс қағанды, шешем Ел білге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті» [10; 61]. Ежелгі түркілердің сенімі бойынша, түріктердің ел болуы мен қағанат құруы және қағанның жіберілуі Тәңірінің қалауы бойынша іске асқан болып есептеледі. Дәстүрлі түркі дүниетанымында Тәңірі — ұлы құдірет иесі. Ол ұлыстың қорғаушысы. Тәңірі түрік халқының азаттығына, тәуелсіздігіне көңіл бөлді. Қағанат билеушілері мен идеологтары Тәңірінің құдіретін өздері құрған мемлекет іргесінің нығаюна тиімді пайдаланып отырады. Өздерінің бүкіл іс-әрекетін Тәңірімен байланыстырған түркілер мемлекеттің дамуы да Тәңірі қалауына негізделген деп санады. В.В. Бартольдтың: «Халықтың психологиясын түсіну үшін оның діни сенімдерін білу маңызды... Аспан мен Жердің мәнін айтқанда, кейбір кезде «түрік аспаны мен түрік жері мен суы» деген тіркестер қолданылады. Тәңірі деген сөз аспанды да, құдайды да білдіреді. Ал жер мен су туралы айтқанда, жерлерде жер мен судың біртұтас құдай екенін, жердің рухының жиынтығы емесін айтуға болады», — пікір білдіреді [11; 25]. Тәңірге табынудың пайда болуын адамдарда әуелден қалыптасқан ризашылық сезімдерімен байланыстыруға болады, көктің әмірімен қарапайым тіршілік иелері бейбіт заман мен молшылықты өмір сүрген. Осындай өмірдің нақты шындығына көзжеткізу адамдарға жәрдемдесетін жоғары әлем бер деген түсінікті туғызды. Сондықтан ежелгі түркілер өздерінің ұғымдарындағы ең биік шынды Хан-Тәңірі деп атауы кездейсоқ емес [12; 372]. Құдірет деп есептелген бұл қос күштің негізгісі Көк Тәңірісі аспан болды. Зерттеуші М.Орынбеков ежелгі түркілердің дүниетанымы мәселесін жан-жақты қарастырып, Тәңірі сенімі жайлы былай дейді: «Осы жағдайда тіпті ежелгі түрік діні бір құдайлы дін болды деп тұжырым жасауға негіз жасайды, себебі барлық құдайлар өздерінің басты құдайы Тәңір деп біледі, ол өмірдің барлық саласына ықпал етеді деп түсінді. Сонан кейін діннің ішінде әдейі тотемдік, шамандық, яғни бақсылық, тәңірлік түрлері бөлінді. Тегінде, бұл қате түсінік еді. Өйткені, біріншіден, Тәңірдің құдіреті күштілігімен нақты өмір жағдайында ол дәрменсіз болып шықты» [8; 154].

Тәңірге табынуды Түркі қағанатында қажетті өкілеттілік беру мақсатында әртүрлі әскери-саяси топтар кеңінен қолданды. Қағандардың жиі ауысуы, үздіксіз қақтығыстар, билікке талас қағанның құдайлық табиғатын, тегін негіздеуге итермеледі. Сол арқылы қағандар туыстар арасындағы таққа таластықты, билікке ұмтылысты жоюға талпынды. Сөйтіп, Тәңірі қолдауымен пайда болған ежелгі Түркі қағанаты туралы аңыз пайда болды. Түркілер өздерінің билеушілері қағандарды нақ осы құдіретті көк тәңірісінің еркімен билік құратындар деп есептеді. Ол туралы Білге қаған ескерткішінде: «Түрік халқының атақ-даңқы өшпесін деп, әкем қағанды, анам қағанды ұлықтаған Тәңірі, ел берген Тәңірі, Түрік халқының атақ-даңқы өшпесін деп Тәңірі мені қаған отырғызды», — деп өзінің билігін Тәңірдің қалауымен жүзеге асқанын дәлелдейді [13; 103]. 716 жылы Түрік қағанатының саяси орталығы Өтүкенде көтеріліс жасап, билікті қолдарына алған Білге қаған мен Күлтегін де қағанаттың билігіне мемлекетті нығайту үшін көктің әмірімен билік басына келгендігін жариялап отырған. Мысалы: «Тәңір бір. Тәңірден жаратылған түрік Білге қаған бөдке /тақ иесіне/ отырдым. Сөзімді түгел естіндер...Тәңірі жарылқағаны үшін, өзімнің құтым бар үшін қаған тағына отырдым. Түрік халқын Тәңірі ел етіп бергендігін мұнда тасқа бастым» [10; 106]. Қағандар тәңірлік сенімді қағанаттың идеологиялық негізі қылып ала отырып, ел билігіне бір Тәңірдің қолдауымен келіп отырмыз деп сенді. Ел билеушілері дінді тірек етіп, киелілерге табыну арқылы шын құдай болмысына жақын болуға, осы негізде олардың атынан сөз сөйлеп, олардың атынан орта дүниеге билік жүргізеді. Тәңірге арналған құрбандықтарды қабылдады. Биліктерін Тәңірі атынан жүргізді.

Сонымен қатар, аспанға немесе көкке сиыну ұғымы туралы, аз да болса, қытай жылнамаларында сақталған. Мысалы, Н.Я. Бичуриннің аударған Таншу жылнамасында Алтай түркілерінің діні туралы қызықты мәліметтер кездеседі. Онда: «Қаған әрқашан Дугин тауында тұрады. Хан ордасының есігі шығысқа қаратылған. Ол күнге құрметтілікті білдірсе керек. Қаған әр жыл сайын ең жақын бектерімен бесінші айдың ортаңғы он күндігінде қара халықты жинап, өзен бойында көкке бағыштап құрбан шалады [14; 231]. Тәңіршілдік түркілердің дүниетанымында берік орын алған соң, байырғы көшпелілер бір идеологияны ұстанып, жұмылған жұдырықтай топтаса білген. Бұл идеологияның

ұйытқысы жаратушы — бір Тәңірі болды. Халықтың түсінігінде Тәңірдің киесіне қалу, Тәңірдің қаһарына ұшырау елді ақырзаманға апарады деп сенді. Тәңірдің жердегі өкілі — қаған саналды. Күлтегін ескерткішінде билік иесі қағанды «Тәңірі бір, Тәңірден жаратылған Түрік Білге қаған», — деп атады [10; 106]. Тәңірдің — жаратушының қолдауымен қаған киелі Өтүкен орталығында орнығып, «түрік халқына, еліне төріне тұтқа болып», халықтың арман-мақсаты болған «Мәңгілік Елді» орнатушы тұлғаға айналды.

Түркілерде Тәңірінен кейін иерархиялық жүйе бойынша қасиетті саналатын тағы бір ұғым Жер-Су ұғымы болды. Түркілер түсінігінше, Жер-Су — адам өмір сүретін табиғи орта, жер, отан [2; 27]. Л.П. Потапов былай деп жазды: «Ертедегі түріктердің Йер-Суб, яғни Жер және Су, құдайларын құрметтеуі бізге мәлім айғақ» [15; 266]. Дәстүрлі түркі дүниетанымында Жер және Судың орталық әлемінде Алтайға құдайдай табыну орын алған. Қазақ аңыздарындағы Жер-Су қасиетті түсінік ретінде қабылдануы ежелгі түркілердің Алтайдан қоныс аударуынан басталады. Алтайды Жер-Судың орталығы деп қадір тұтты. Алтай тауларын, халықтың діни түсінігінше Жер-Судың ата-бабаларының рухтарымен кездесетін орны, рухтар барлық қазақ жерін дәстүрлі түрде өзара бөліседі деп санады [16; 6]. Алтайды барлық түркітілдес халықтар құрмет тұтқан. Қытай деректеріне сүйенсек, ежелгі түркілер тауларға табынған: Тауға табыну өте ерте кезде пайда болған, ең кем дегенде, ол ежелгі түркілер ортасында белгілі болған. Қытай деректерінде, — деп жазды С.И. Вайнштейн, — ежелгі түркілерде, шыңында, тал да, өсімдік те жоқ биік тау қасиетті деп есептелген деген хабар бар, ол тау Бодын-Еңлі деп аталған, қытай тілінде ол «елдің қорғаушы рухы» деген мағына береді [17; 235]. Алтай тауын жер кіндігі ретінде, жоғары Тәңірі мен ортаңғы Жер-Суды байланыстырушы мекен деп қабылдау түркілердің дүниетанымының негізі болған. Түркі халықтары ғана емес, барлық көшпелі жауынгер жұрттардың барлығы да Алтайды қасиет тұтып қадірлейді. Түркілердің өсіп-өніп өркендеген, әлемге таралмай тұрып балалық шағын өткізген отаны «Ергенекон», «Өтүкен», «Жерұйық», «Жиделі Байсын» туралы аңыздары сағынышты сарынмен сипатталады. Бұл тарихи аңыздардың мазмұнының түпқазығы түркілердің халықтың дүниетанымындағы «Мәңгілік Ел» мұратымен ұштасып, өзара тарихи сабақтастық арқылы байланысының болғанын көрсетеді.

«Ергенекон» аңызы қазақ халқының дүниетанымында түркі халқының алғашқы мекендеген құтты қонысы ретінде сақталған. Халық мұрасында төрт тараптан төнген қатерден елді аман сақтап, кейін өсіп-өнуіне себепші болған киелі жер ретінде сипатталады. Әбілғазы «Түрік шежіресі» еңбегінде «Ергенекон» дастанының түпнұсқасын аңыз бойынша баяндайды және түркі халқының пайда болуы туралы өз зерттеуін ұсынады. «Ергенекон» аңызында түрік халқы биік таудың ішіндегі қауіпсіз жерде көбейіп алған соң, ата-бабаларының аманатына адалдық танытып шыққан тегін мықтап естерінде сақтағанын көреміз. Таудың ішінде 400 жыл тұрып жеке ел болады. Жан-саны артқан соң таудың ішінен шығып, төрт тараптағы жауларын талқандап жеңіске жетеді. Достық қолын ұсынғандарын қатарларына қосып алады. Ал жаулық пиғылды көрсеткендеріне қарсы қайрат қылады. Көрші халықтарға қарағанда, түркілер өздеріне тиесілі жер мен суын нақты білуімен ерекшеленеді. Жер-Суды кие санаған түркілер есте жоқ ескі замандардан бері Алтай тауларындағы Ергенекон жерін қоныстанып, қасиетті жерін қорғап келген. Ергенекон аңызында халықтың басты арман-мақсаты — «Мәңгілік Ел» идеясының мұраты сипатталады. Зерттеуші ғалым Немат Келімбетов: «Ергенекон» дастанына өзек болған идея — халыққа құтты қоныс, жерұйық табу болды», — дейді [18; 73]. Түркілер қоршаған ортаға ризашылығының білдіруі салдарынан Жер мен Суға және олардың киелі мекендеріне сиыну пайда болды, осыдан олар жерді де, суды да өздерінікі мен басқаныкі, деп бөлді. С.Г. Кляшторный былай деп жазды: «Әлемнің орталығы — түріктер мекен еткен қасиетті Өтүкен қарашығы болды. Өтүкен қарасы — түрік қағандарының резиденциясы, сол жерден түріктер әлемнің төрт бұрышын жаулау үшін «алға», «артқа», «оңға», «солға» жорықтар жасап отырды» [19; 122]. Өтүкен қарасы орналасқан Хангай таулары туралы зерттеуші М. Орынбеков былай деп пікір білдіреді: «Жалпы бұл — Хангай таулары екенін айтуымыз керек, ол жерде бөрінің қаншығы аяқсыз, қолсыз баланы құтқарыпты-мыс, сөйтіп, одан түрік тұқымы тарапты деп аңыз қылады» [7; 151]. Түркілердің нанымы бойынша, жер мен суды, ормандар мен тауларды рухтар жайлаған. Құрбандық шалу арқылы олардың бетін бері қаратып отыру керек деп сенген. Түркілерде әр ру-тайпаның меншікті өз Жер-Суы болған. Бұл айтылған ой бүгінгі қазақ халқының табиғатқа деген қастерлі сезіммен қарайтын дүниетанымымен сәйкес келеді. XX ғасырдың бас кезінде ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов қазақ жерінің жаппай егіншілік мақсатында пайдалануға болмайтынына өзінің дәйекті ғылыми дәлелдерін ұсынып келді. Американдық ғалым Лоуренс Крадер «Орта Азия халықтары» монографиясында түркілердің Алтай тауын кие тұтуын былайша сипаттаған: «Орхон

түріктері кезінен бастап, түркі діни тәжірибелерінде, тауларға табыну әдет-ғұрыптың негізі болды. Тауға табыну Азияда, Арктикадан Үнді мұхитына дейін кең таралған. Түркілер мен монғолдар арасында тауларға табыну жер құдайы Өтүкенмен байланысты. Қасиетті Өтүкен түркілерде қағанның жоғарғы билігімен байланысты. Түркілердің дүниетанымында Өтүкен тауының иесі қаған немесе жоғары билеуші болып саналады. Өтүкен рухы сол аумақтың билеушісін жеңіспен және жетістікпен қамтамасыз етеді. Сондықтан қағанның ордасы жоғарғы жерге орнатылды. Киелі таулар түркілер үшін қорғаныс және пана іздейтін жер болды» [20; 169]. Қасиетті Өтүкен жері Саян-Хангай тауларында орналасқанын ескерсек, бұл жер түрік қағандарының Астанасы болды. Күлтегін мен Білге қағанның мәңгі тас ескерткіштерінде Отанға деген сүйіспеншілік анық сипатталып: «Өтүкен жерінде отырып, керуен аттандырып қойып отырсаң, онда мұның жоқ. Өтүкен жынысында отырсаң, мәңгі ел тұтып отырар ең сен», — деп анық жазылған [10; 65]. Тоныкөк ескерткішінде: «Өтүкен жеріндегі түрік халқы мені «Білге Тұйұқық Өтүкен жеріне келіп қоныстаныпты» дегенді естіп, түстіктегі халық, батыстағы, терістіктегі халықтар келді», — деп салтанатты түрде жарияланған [10; 123]. Түркі халқының дүниетанымындағы киелі Жер-Суға иелік етіп, қасиетті Өтүкенге орнығып отыруы елдің ішіндегі береке-бірліктің болуын және сонымен қатар қаған билігінің тұрақтылығын білдірген. Осы мәңгілік өсиетке адал болған Ұлы Даланың ұрпағы түркілер қасиетті Жер-Суға, адалдық танытып келді. Түркілердің дәстүрлі дүниетанымдық жүйесінде идеялық тұрғыда халық, Жер-Су, қаған, бек тағдыры Тәңірімен байланыстырылып, олардың өзара үндестігі қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі саналған [2; 27]. Түрік қағандары өздерін Жер-судың қорғаушылары, иелері санаған және түркілік наным-сенімді өздерінің билік жүргізудің идеологиялық бағытына айналдырады. Түркілердің дүниетанымы туралы С.М. Сыздықов былай деп тұжырымдама береді: «Түркілер әлемді вертикалды тұрғыда үшке, көкжиектік тұрғыда төрт тарапқа бөледі. Жоғары әлем Тәңірге жақын, қасиетті орта саналады. Ал ортаңғы әлем — адамдар мекендейтін, Жер-Су орналасқан әлем. Түркі дүниетанымында үшінші, төменгі, деңгей — ана әлем, о дүние, өлілер мекені болды» [2; 28]. Әлемді үшке бөлу идеясы да өз бастауын түркілік дүниетанымынан алды. Күлтегін мен Білге қағанның құрметіне қойылған мәңгі таста да әлемді түркілер былай деп үшке бөледі: «Жоғарыда көк Тәңірі, төменде қара жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған» [10; 61]. Жалпы түркілердегі Жер-Суды құрметтеудің негізгі бастауы адамның ризашылық сезімдерімен байланыстыруға болады. Ежелгі түркілердің ұғымы бойынша, бұл таулардың үңгірлерінде ата-бабаларымыз тұрған, ол біздің алғашқы отанымыз, мекеніміз деп ұққан. Түркі дүниетанымындағы әлемді үшке бөлу олардың мемлекеттік құрылымында да іске асты. Түрік қағанатының саяси құрылымы мен елді әскери-әкімшілік жүйесі осы өлшемге негіздеген. Түрік қағанаты төлес (сол), тардуш (оң) және ічрекі (орталық — орда) деген саяси-әкімшілік аймақтарға бөлінген [2; 29]. Осы тұрғыдан алып қарастыратын болсақ, Түркі мемлекеттерінің ең жоғарғы билік иесі ұлы Тәңірдің қолдауымен басшылық еткен — қаған болды. Одан бөлек ел басқару жүйесі үштік жүйеге негізделіп, олар тардуш (оң қанат), төлес (сол қанат) және ічрекі (орталық) деп бөлінді. Күлтегін мәтінінде осыған қатысты мынадай жолдар бар: «Ілгері (оңтүстікке), кейін (солтүстікке) шапқылап халықты жинады. Барлығы жеті жүз ер болды. Жеті жүз ер болып елсіреген, қансыраған халықты; құлданған, күнненген халықты, Түрік төрінен (билігінен) айырылған халықты, Ата-бабам (дәстүрлі) билігіндей, қайта жаңғыртты, орнатты. Төлес (сол қанат), Тардуш (оң қанат) халқын сонда құрды. Оларға ябғу, шад сонда берді [10; 62]. Қайтада құрылған Қағанатты Тардуш Төлес қанатқа бөліп басшыларына шабғу, шад лауазымы берілгенін мәлімдеген. Бұл саяси құрылым XV–XVIII ғасырда қазақ хандығы тұсында да мемлекеттік құрылыстың негізгі бөлінісі болып, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз болып бір орталықтан басқарылу жүйесі болды.

Ежелгі түркілердің дүниетанымында Жер-Сумен қатар, Ұмай ана ерекше орын алады. Ұмай ана құдайлар иерархиясында Жер-Судан кейін тұрды [12; 375]. Ежелгі түркілердің дүниетанымында Ұмай-ана Ұлы даладағы түркі тілдес халықтардың ұрпағын жалғастырушы, береке-бірліктің, молшылықтың иесі деп санады. Ол атамекенді, жанұяны, қарттарды, балалардың қорғаны әрі қамқоршысы саналған [21; 213]. Ұмай отбасының берік сақталуының да қорғаушысы саналған. Ұмай ана үлкенге де, кішіге де қамқор болып, елдің нығаюына көмектескен. Ұмайға түркі халықтарында қазақтардан басқа хакастар, қырғыздар, алтайлықтар, тывалықтар, шорлар және түріктер табынған. Бұл жайында деректер орхон-енисей жазба ескерткіштерінде сақталған. Күлтегін ескерткішінде: «Ұмай текті анам қатынның құтына інім Күлтегін ер атанды», — деп Ұмай ананың жас батырдың қамқоршысы болғанын көрсетеді [11; 63]. Зерттеуші М.Орынбеков «Ұмай ол үйдің, шаңырақтың, ошақтың қамқоршысы, балалардың сүйеушісі, сосын өнердің қолдаушысы болған. Түрік пен монғол

халықтарының салыстыру мифологиясында, эпсаналарында Ұмайға монғолдардың Этуген құдайы сәйкес келеді, себебі ол да ежелгі түріктің қасиетті «Өтүкен қарашылығынан» шыққан. Сонымен бірге көп мамандар Ұмайды ежелгі Үнді құдайы Умамен салыстырады, ол да Ұмай сияқты қамқоршылық міндеттер атқарған. Ұмай деген сөздің өзі «бала орны», «ана іші» және сондай ұғымдарға ұқсас келеді», дейді [7; 152]. Ежелгі түркілердің наным-сенімінде Ұмайды аса сұлу, қолына алтын садақ ұстаған (жас балаларды қорғау үшін), мейірімді, күміс шашты әйел немесе жас қыз бейнесінде елестеткен. Ол жерге күн көкжиегі арқылы түседі-мыс. С.А. Абрамзон: «Бала дүниеге келгенде, оның өміріне арашасы бол деп Ұмайға жалбарынған. Науқасқа шалдықса да, Ұмайды шақырған. Балаларды, тіпті үлкендерді, бір жаққа ұзақ сапарға шығырып салғанда да, қоштасу барысында шешелері немесе әжелері «Ұмай анаға тапсырдым дейтін», — деп жазды [22; 81]. Ұмай сонымен қатар жауынгерлердің қолдаушысы ретінде көп айтылады, оларды жеңіске жеткізіп, ұрыстарда сарбаздардың жанының аман қалуына да қамқор болады. Адамдар тағдырдың тәлкегіне ұшарап жатып, басынан ауыр күндерді кешіп жатса, тек Тәңірге ғана емес, шаңырақ пен жанұяның киелі иесі Ұмайға да сыйынған, жалбарынып медет күткен. Мысалы: Тувадағы Ұйық өзенінің бойынан табылған түрік ескерткішінде былай деп жазылған: «...жиырма төрт жасқа келгенде мен өз еліммен, туыстарыммен, өзімнің қауымыммен, қару-жарағыммен және батырлық ерлігіммен қоштастым. О, қорғаушым Ұмай! О мен өмір сүрген жылдар! Мен сіздерден кеттім, Қош болындар, туыстарым», — делінген [23; 70]. Жаумен шайқаста ерлікпен қаза болған жас түрік сарбазы жан тапсырар алдында туған елінің алдындағы кінәсін, туыстарының өзіне артқан үмітін ақтай алмағанына өкініп, Ұмай анаға соларға қамқор болуын тапсырады. Ғалым Орынбеков бұл жағдайды былайша пікір білдіріп: «Өлім барысында жап-жас түркі жауынгерінің кешірім сұрағандай болып, Ұмайға сиынуы кездейсоқ емес; ол Ұмайды кешегі балалық шағынан біледі және әкесі мен шешесінің үмітін ақтамағаны үшін, отбасы құрып, балалы болмағаны және өмірден ерте кетіп бара жатқандығы үшін қайғырады, ал егер балалы болса, онда Ұмайдан баласына қамқор болуын сұрар еді. Жердегі өзінің соңғы сәттерінде ол жоғарғы билеуші Тәңірге немесе тастап кетіп бара жатқан Орта әлемнің билеушісі Жер-Суға сиынбауы, отбасының, үйдің және қандас туыскандық байланыстың маңыздылығының даусыз екенінің куәсі. Тәңірдің және Жер-Судың өліп бара жатқан бозбаладан алыс екенін санасы айтып отырады, тек қана Ұмай әр кезде оның қасында болды», — деп, әскери өмірде де Ұмайдың зор маңызы бар екеніне тұжырым жасайды [11; 381]. Ежелгі түркілердің дүниетанымы мен наным-сенімінде Ұмай жас сарбаздардың өмірін қауіп-қатерден қорғап, оларға жеңіс сыйлаған. Егер сарбаз туған жері мен халқының бостандығы үшін мерт болса, жанын жақсы дүниеге шығарып салады деп сенген. Олардың түсінігінше, киелі Ұмай-ана балалар мен қарт адамдардың сақтаушысы және шаңырақтың пірі ретінде және соғыс даласындағы жауынгерлердің қорғаушысы болды. Қазақ даласына ислам діні енген соң Тәңіріден кейін аталатын Ұмай ана ұғымының мағынасы енді балалар мен аналардың жебеуші піріне айналды.

Ежелгі түркілердің дүниетанымында «Құт» сөзі мыңдаған жылдардан бері келе жатқан киелі ұғым саналады. Күлтегін ескерткішінде Білге қаған: «Тәңірі жарылқағаны үшін, өзімнің құтым бар болғандықтан, Қаған тағына отырдым» [10; 66], — деп, саяси билікке өзінің жеке басының құты арқылы келгенін жариялайды. Көне түрік мемлекетінде саяси тұрақтылықтың түсінігі Құт деген ұғыммен байланыстырылды. Құт ұғымына орхон ескерткіштерінде ерекше мәртебемен қараған. Құт — көне түркілер дүниетанымында адам баласына өмірлік несібе, ырыс-береке, байлық, абырой-атақ әкелетін қасиетті ұғым деп саналған. Құтқа ие болу әрбір түркінің өмірлік мақсаты болды.

Түркілердің дүниетанымында барлық тіршілікке тірі деп қарап, әр нәрсенің иесі бар, иесіз дүние жоқ деп білді. Барлық жаратылыстың иесі Тәңірі деп есептеді, ал олардың құты бар деп таныды. Оларды ақылмен, ізгілікпен пайдаланса, игілігін көріп, құт қонады деп сенді. Адамдар әдет-ғұрыптарды сақтап отырса, олардың басына байлық-бақыт орнап, «құт» қонады. Ал әдет-ғұрыптар сақталмаса, онда кедейлікке ұшырап, қырсыққа шалдығады, яғни кесір айналады. Түркі халқына ұлы жеңіс сыйлап, түркі елін мәңгілікке ел болуға бағыттаған қағанды құрметтеп, «Тәңірқұт» деп атап, оларға жоғары атақ берілген. Бұл жерде Тәңір иесіне тән ерекше қасиет — мәңгілікте өмір сүру болып саналады. Ал «құт» Тәңірмен берілетін «жан» деген мағына білдіреді. Түркілерде халқы үшін күндіз-түні тер төгіп, еңбек етпеген, ел алдында міндетін адал атқармаған қағанның құты Тәңірі тарапынан қайта алынады деген түсінік қалыптасқан. 716 жылы Күлтегіннің Өтүкендегі саяси орталықтағы биліктен Инал қағанды тақтан тайдыруының себебін, Құттың Иналдан теріс айналуымен түсіндірген. Білге қаған билікке келуін өзіне құттың себепші болғанын халыққа жариялап былай дейді: «Тәңірі жарылқап, Құтым-бағым бар болғандықтан, Несібем бар

болғандықтан, Өлімші халықты тірілттім. Жалаңаш халықты, тонды қылдым. Кедей халықты, бай қылдым. Аз халықты, көп қылдым» [10; 103].

Түркілер үшін бытырап жатқан тайпаларды жинап, ел қылу және олардың санын көбейту, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту билеушінің міндеті саналды. Қаған мемлекет үшін «түрік халқы үшін, түн ұйықтамай, күндіз отырмай» барлық қажыр-қайратымен, жігерімен, ақыл-айласымен еңбек жасауы тиіс болды. Бұл міндетін орындамаған қағандар, «Тәңірі құтты одан қайтарып алады», — деп есептеді [24; 95]. Көне түркілерде «құт» тәңірдің берген сыйы болып есептелінген, дәм-тұзы таусылып, адам дүниеден қайтқанда «құтты» Тәңірі өзіне қайтарып алады деген сенім қалыптасқан.

Халық санасында құт Отан анаға — Өтүкенге деген сүйіспеншілікпен сәйкестендірілді. Әл-Жахиз түріктер «Отанға деген үлкен ұмтылыспен және оған деген үлкен махаббатқа ие» деп атап көрсетеді [25; 238]. Тек өз туған жерлерінде түріктермен құт-сәттілік, ал қағанмен-құт харизм бірге жүре алады деп сенген. Өтүкен жерінде қағандарды билікке тағайындағаны құттың ықпалымен байланысты саналған. Түріктердің дүниетанымында киелі орда Өтүкенмен байланысын үзген адамнан бақыт пен сәттілік теріс айналады, оның жақын арада қаза табатынына сенген. Дәстүрлі түркі мемлекеттілігі үшін құттың сақталуы мемлекет дамуының кепілі болды. Ал құттың мәнін жоятын өзге, жат идеялар түркі мемлекеттілігінің жетекшілігіне келгенде құттың да маңызы төмендеп, бұл қоғам мен мемлекеттің елдегі берекесіздікке бей-жай қарап, босаңсуына алып келді [2; 31].

Барлық түркі халықтарына ортақ болған «құт» ұғымы XI ғасырдағы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінде жақсы түсіндірілген. Мұнда Құт иманмен, ақыл-іліммен тығыз байланыста қаралды. Құттың күшін табиғи өсіп-өну, көбею, баю үшін ғана пайдалану емес, таза рухани қуатқа айналдыру мақсатын айтады. Барлық түркі халықтарының дүниетанымының біртұтас болғанына дәлел ретінде Құтты біліктегі қолданылған саясат пен мәдениет терминдеріне балама болған «құт» сөзінің орын алуы және бұл «құт түсінігінің» шығарманың негізі болуы ойымызды нақтылай түседі. Қарахан дәуірінде «құт» сөзі мемлекет мағынасын береді. «Илек құт» титулы — мемлекет басшысы, «құтты кісі», Тәңірі қалауымен болған билеуші мағынасын берген. Ж.Баласағұн бұл туралы билеушіге арнап: «Бұл билікке сен өз қалауыңмен келген жоқсың. Тәңірі саған бұл міндетті жүктеді. Сондықтан бұған тоба қыл», — деген [26; 225]. Түркілік танымда құт мәнін ежелгі түркілер білім, бақ-дәулет, жанның семіріп, сананың кемелденуі деп ұғады, біздің замандастар, әдетте, байлық, барлық, қарын тоқтық, қайғы жоқтық деген мағынада қолданады [27; 102]. Түркия Республикасының ғалымы Ибрахим Кафесоғлы «Құтты біліктің» Түркі мәдениеті тарихы арасындағы орнын зерттеп, «құт» ұғымына мынадай пікір айтып: «Тек соңғы жылдарда «құт» сөзі бойынша жасалған этимологиялық және семантикалық зерттеулер бұл аударманың кемшіл тұстарын көрсетіп келеді. Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігі» кітабында «құт» сөзі «мемлекет», яғни «саяси күш және егемендік», деп берілгені мәлім. Яғни, кітаптың аты «Құт сыйлаған білім» дегеннен «Мемлекеттік күшке жеткізген білім», немесе «Мемлекетті басқару туралы», деп аударса, кітаптың мазмұнына сай келері сөзсіз», — деген жаңа өзіндік ғылыми ойды ұсынады [28; 32]. «Құтты біліктің» құтты мемлекет, құтты қоғам құру идеясында қолданылатын «құт» ұғымы қазақтардың дүниетанымында да кеңінен орын алған. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен әдет-ғұрпында Құтқа байланысты көне мифологиялық, тәңіршілдік дүниетаным мен діни ұғымдар біте-қайнасып, іштей астасып жатыр. Халықтық әдет-ғұрыптарда Құттың ықпалы мен көріністері сан қырлы сипатта көрініс тапқан. Мысалы, отбасының, мал-жанның өсіп-өнуі, абырой-беделдің жоғарылауы басқа қонған Құтпен байланыстырылды. Яғни, Құт «адамның басына қонатын Бақыт құсы» деп саналды. Сонымен қатар ол тек атақты адамдар арқылы ғана емес, қарапайым адамдар арқылы да келетіндігі, немесе Қыдыр Ата арқылы келу мүмкіндігі де теріске шығарылған жоқ. Ғалым Ә.Т. Төлеубаев былай дейді: «Қазақ халқының дүниетанымында адам қатты қорыққанда, не бір нәрсеге қатты абыржығанда «құты қашты», «сұры қашты», «тынымы кетті» дейді. Шындығында, бұл тіркестер адамның жанының қысылғандығын, оны тіршілік күшінің тастап кеткелі тұрғанын білдіреді» [29; 290].

Әулеттің, шаңырақтың құт-берекесін ұстап тұрған қарапайым адамдарда, атап айтсақ, әйелдер мен аналарымызды, бүкіл рудың, тайпаның Құтына айналған тұлғалар болады деген сенім де бекіді. Мысалы, Қаздауысты Қазыбек бидің ұлы әжесі Қарқабатты бүкіл қаракесек руы елдің құты, киелі адамы деп санаған. Құтты адамнан бата алу, отырған жеріне ырым етіп балаларын аунатып алу, сарқытын ішу, тағы басқа ырымдар қазақ халқына кең таралды. Бір кезде ата-бабаларға қонған құт ұрпақтарына көшеді деген сенімнен аруақты сыйлау, ата-баба заңын, өсиетін қатаң ұстану, осыған

орай тұқым тектілігіне мән беру туындады. Арғы бабалары арқылы шаңыраққа ұялаған Құт-берекенің арқасында кейінгі ұрпақ қиналмай бақытты, дәулетті өмір сүреді деп сенген.

Ежелгі түркілердің дәстүрлі дүниетанымы мен наным-сенімдерінді туралы зерттеу жүргізген ғалымдар олар тек бір Тәңірге табынғанын атап көрсетеді. Бұдан өзге Жер-Су, Ұмай, Құт, Ата-баба аруағы, Апат, тотемге табыну сияқты негізгі діни ұғымдарға табынуын, олардың Ұлы далада мәңгілік көк аспанның аясында болып, қоршаған ортаға, табиғатқа құрметпен қарауынан деп білеміз.

Түркі қоғамының күнделікті идеологиясында айналасындағы көрші халықтарды бағындырып, оларды қағанатқа қауіпсіз қылып және түркілік дүниетанымның заңдарына мойынұсындыру мақсатын ұстанды. Бұл түркілердің «Мәңгілік Ел» мемлекеттік идеологияның негізгі тұғыры болды. Қағанаттың қол астындағы халықтың мұқтаждығын қанағаттандыру бойынша ерекше рөл қағанға тиесілі еді. «Ол түрік халқы үшін, түн ұйықтамай, күндіз отырмай, халықтың аш, жаланап қалмауы үшін еңбектенеді, ал кедей халықты бай қылу» оның басты міндетіне жатты.

Зерттеушілер (С. Сыздықов, С. Қанаев, Ж. Жеңіс) ежелгі түркілердің дүниетанымының мемлекеттік идеологияға негіз болып Мәңгілік Елдің түпқазығы болғанын былайша дәлелдейді: «Ортағасырлық түркі мемлекеттерінде дәстүрлі дүниетаным жан-жақты идеологиялық сипатқа ие болды. Дәстүрлі дүниетаным мемлекеттегі халық пен табиғат арасындағы қатынасты, этносаралық қарым-қатынасты, халық пен билік, мемлекет пен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты реттеуде идеологиялық тетік қызметін атқарды. Осы идеологиялық тетікті іске қосушы әрі біріктіруші Тәңірі сенімі болса, осы идеологиялық жүйенің мұраты түркілердің дәстүрлі дүниетанымындағы «Жер-Су» ұғымымен тығыз байланысты «Мәңгі Ел» идеясы болды. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгі Ел» идеясы да мәңгі мемлекет, мәңгі халық мағынасын білдіріп, жалаң, жылтырақ идея емес, керісінше, түркілердің дүниетанымымен бекітілген, тұрақты, негізгі идея екендігін байқауға болады. Көріп отырғанымыздай, түркілердің дәстүрлі дүниетанымы тек қана халықтың сенімі ғана емес, мемлекет пен халықты, мемлекет пен көрші елдердің арақатынасын реттейтін саяси құрылым болды. Осы көне түркілік «Мәңгі Ел» идеясын жатжерлік идеяларға тосқауыл болып, қағанатты саяси-экономикалық тұрғыдан күшейтуге қабілетті идеологияны жетілдіріп, дамыту түркі идеологтарының негізгі міндеті болды. Бірінші түркі қағанатының құрылуынан бастап, Қазақ хандығының гүлдену дәуірі кезеңі аралығында «айгуджы», «көлеркін», «бек», «би» деген әртүрлі атауға ие болған осы идеологтар дәстүрдің сақталуын, дамуын жіті қадағалап отырды», — дейді [2; 51].

Қорытындылай келгенде, түріктер жасаған әлеуметтік-саяси жүйе, VI–VIII ғғ. үшін ең таңдаулы саяси жүйе болды. Мәңгілік Ел идеологиясын өздерінің мемлекеттік құрылымына негіздеп алған олар, Еуразияның батысынан шығысына дейінгі созылып жатқан орасан зор далалық аймаққа өз билігі мен тәртібін орнатып, халықтардың өзара мидай араласуына жағдай жасады. Тәңірі қамқорлығындағы «Мәңгілік Елді» насихаттайтын түркілердің мемлекеттік идеологиясы өз бастауын түркілердің дәстүрлі дүниетанымынан алды. Түркілердің әскери-саяси және дипломатиялық артықшылықтарының салдарынан бүкіл Еуразия ортақ бір тілді біртұтас мәдениеті мен өмір-дағдысы ұқсас түркі ықпалындағы аймаққа айналды. VI ғасырдың ортасына қарай Қиыр Шығыстан бастап, Алтай тауларын басып өтіп, сонау Қара теңіздің жағалауына дейін түрік тілі кең жайылады. Енді олар «түрік» деген жаңа этникалық атаумен шығып, әлем тарихында өздерінің өктем сөзін айта білді және тарихи үдірестердің даму заңдылықтары түркілер құрған мемлекеттердің шеңберінде болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): бес томдық. — I-т. — Алматы: Атамұра, 1996. — 544 б.
- 2 Сыздықов С. Мәңгілік Ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық / С. Сыздықов, С. Қанаев, Ж. Жеңіс. — Астана: Фолиант, 2013. — 320 б.
- 3 Сатершинов Б.М. Тарихи сана — тәуелсіздіктің рухани тұғыры / Б.М. Сатершинов. — Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФЖСИ КБО, 2011. — 291 б.
- 4 Кляшторный С.Г. Имперский фон древнетюркской цивилизации / С.Г. Кляшторный // Отан тарихы. — Алматы, 1998. — 65 б.
- 5 Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия / Л.Н. Гумилев. — Баку: Азернешр, 1990. — 245 с.
- 6 Сартқожаұлы Қ. Байырғы түріктердің мемлекеттілігі және ел басқару жүйесі / Қ. Сартқожаұлы // Қазақ мемлекетті және Еуразия кеңістігі: тарихы мен қазіргі кезең: IX Еуразиялық ғыл. форум материалдарының жин. — Астана, 2014. — 380 б.
- 7 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы / М. Орынбеков. — Алматы: Ғылым, 1996. — 168 б.

- 8 Махаева А.Ш. Көне түркердің рухани мәдениеті. — 2-бас. / А.Ш. Махаева. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2002. — 68 б.
- 9 Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): 5 т. — I-т. — Алматы: Ғылым, 1980. — 496 б.
- 10 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. — 2-кіт. (түпнұсқа, оқылымы, аудармасы, түсініктемесі) / Қ. Сартқожаұлы. — Алматы: Абзал-Ай, 2012. — 324 б.
- 11 Бартольд В.В. Сочинения: в 8 т. Т. 5. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов / В.В. Бартольд. — М.: Наука, 1968. — 759 с.
- 12 Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 томдық. 14-т. — Астана: Аударма, 2006. — 488 б.
- 13 Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштерінің толық атласы / М. Жолдасбеков, Қ. Сартқожаұлы. — Астана: Күлтегін, 2007. — 360 б.
- 14 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена / Н.Я. Бичурин. — Т. 1. — М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1950. — 380 с.
- 15 Потапов Л.П. Умай — божество древних тюрков в свете этнографических данных: тюркол. сб. / Л.П. Потапов. — М., 1973. — 266 с.; Потапов Л.П. Этнический состав и происхождение алтайцев: историко-этнографический очерк / Отв. ред. А.П. Окладников. — Л.: Наука, 1969. — 196 с.
- 16 Орынбеков М.С. Верования древнего Казахстана / М.С. Орынбеков. — Алматы, 1977. — 215 с.
- 17 Вайнштейн С.И. Мир кочевников Центральной Азии / С.И. Вайнштейн. — М.: Наука, 1991. — 296 с.
- 18 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті / Н. Келімбетов. — Алматы: Атамұра, 2005. — 336 б.
- 19 Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках: тюркол. сб. / С.Г. Кляшторный. — М., 1977. — 238 с.
- 20 Krader L. Organization of The Mongol-Turkic Pastoral Nomad. — Mouton and Co, 1963. — 412 p. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://books.google.kz>
- 21 Стеблева И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-мифологической системы: тюркол. сб. / И.В. Стеблева. — М., 1971. — 226 с.
- 22 Абрамзон С.М. Рождение и детство киргизского ребенка / С.М. Абрамзон // Сборник МАЭ АН СССР. — Т. 12. — М.-Л.: Изд-во АН СССР. — 1949. — 271 с.
- 23 Васильев Д.Д. Древнетюркские эпиграфические памятники из долины реки Уюк: тюркол. сб. / Д.Д. Васильев, З.Б. Чадамба. — М., 1981. — 70 с.
- 24 Çandarlıoğlu G. İslam öncesi Türk tarihi ve kültürü / G. Çandarlıoğlu. — İstanbul, 2013. — 104 b.
- 25 Мандельштам А.М. Характеристика тюрков IX века в «Послании Фатха б. Хакану ал-Джахиза / А.М. Мандельштам // Труды ИИАЭ. АН Каз ССР. — Т. I. Археология. — Алма-Ата: Ғылым, 1956. — 269 с.
- 26 Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / Жүсіп Баласағұн / Көне түркі тілінен аудар. және алғысөзі мен түсінік. жазғ. А. Егеубаев. — Алматы: Жазушы, 1986. — 616 б.
- 27 Исабекова Ұ.К. Орта ғасырдағы түркі тілдерінің даму тарихы / Ұ.К. Исабекова. — Астана: Сарыарқа, 2011. — 224 б.
- 28 Kafesoğlu İ. Türk Milli Kültürü / İ. Kafesoğlu. — İstanbul, 1987.
- 29 Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. — 2-т. / Ә.Т. Төлеубаев // Дүниеден қайтқан адамды жерлеу және артын күтуге байланысты наным-сенімдер. — Алматы, 2013. — 290 б.

Н.Б. Смағұлов, А. Ташағыл

Мировоззрение древних тюрков — основа государственной идеологии «Мәңгілік Ел»

В статье авторы проанализировали взгляды тюрков и сделали научные выводы. Накануне формирования тюркского государства считалось, что у них есть свои взгляды на идеологическое и мировое признание как на необходимую структуру для формирования и развития государства. Традиционная система взглядов тюркских народов основана на таких основных понятиях, как Тенгри, земли, Умай и кут. Сфокусировавшись на этих концепциях и проведя научный экспертный анализ, были определены цели и задачи, которые они ставили перед собой. Анализ работ ученых по мировоззрению и убеждениям древних тюркских народов показал, что они поклонялись лишь одному Богу. Авторы, приводя факты, показали, что уважение к окружающей среде и их природе было неотъемлемой частью их повседневной жизни. Считается, что взгляды древнетюркских народов были основой их государственной идеологии. Было доказано, что государственная идеология древнетюркского народа «Мәңгілік Ел» была барьером для иностранных идей.

Ключевые слова: Тенгри, земля-вода, Умай-ана, кут, каган, вечный народ, отюкен, Великая степь, тюркский каганат, Орхон-Енисей, идеология.

N.B. Smagulov, A. Tashagyl

The world view of ankinet Tyurkes — the basis of the state ideology «Mangilik El»

In the article, the authors have analyzed the views of the Turks and made scientific conclusions. On the eve of the formation of the Turkic Khaganate, it was believed that they had their own views on ideological and global recognition as a necessary structure for the formation and development of the state. The traditional system of Turkic people views is based on the basic concepts of Tengri, land, water, umai and kut. Focusing on these concepts and conducting a scientific expert analysis, the goals and objectives that they set themselves were determined. An analysis of the scientists work on the world view and beliefs of ancient Turkic people showed that they worshiped only one God. The authors by citing facts, showed that respect for the environment and their nature was an integral part of their daily life. As a result, it is believed that the views of the ancient Turkic people were the basis of their state ideology. It was proved that the state ideology of the ancient Turkic people — «Eternal nation» was a barrier to other land ideas.

Keywords: Tengri, land, water, Umai-ana, kut, khagan, eternal nation, otuken, great steppe, Turkic khaganate, Orkhon-Yenisey, ideology.

References

- 1 Kazakhstan tarikhı (kone zamannan buhinhe deyin) [History of Kazakhstan (from antiquity to the present time)] (1996). Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 2 Syzdykov, S., Kanaev, S., & Zhenis, Zh. (2013). *Manhilik El ideiasy: kalıptaswı, ush nehizi, tarikhı sabaktastik* [The idea of «Eternal Nation»: three formation, principles, the historical relationship]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 3 Saterinshinov, B.M. (2011). *Tarikhı sana — tauelsizdiktin rukhani tuhyry* [Historical consciousness is the spiritual basis of independence]. Almaty: KR BHM HK FzhSI KBO [in Kazakh].
- 4 Klyashtorniy, S.G. (1998). Imperskii fon drevnetiurkskoi tsivilizatsii [Imperial background of ancient civilizations]. *Otan tarikhı — History of the Motherland*. Almaty [in Russian].
- 5 Gumilyov, L.N. (1990). *Tysiacheletie vokruh Kaspıia* [Millennium around the Caspian Sea]. Baku: Azerneshr [in Russian].
- 6 Sartkozhauly, K. (2014). Bayırhi turikterdin memlekettılıhi zhane el baskaru zhuiesi [Statehood of the ancient Turks and the system of governance of the country]. *Kazak memleketi zhane Euraziia kenistihi: tarikhı men kazırhi kezen — Kazakh state and Eurasian area: history and modernity*. Proceedings of the IX Eurasian Scientific Forum. Astana [in Kazakh].
- 7 Orynbekov, M. (1996). *Ezhelhi kazakdin duniyatanymy* [World outlook of ancient Kazakhs]. Almaty: Nauka [in Kazakh].
- 8 Makhaeva, A.S. (2002). *Kone turkterdin rukhani madenieti* [Spiritual culture of the ancient Turks]. Almaty: Kazakhskii Universitet [in Kazakh].
- 9 Kazak SSR tarikhı (Kone zamannan buhinhe deyin) [History of the Kazakh SSR (from antiquity to the present time)] (1980). Almaty: Hylym [in Kazakh].
- 10 Sartkozhauly, K. (2012). Orkhon muralari [Orkhon heritage]. Book 2 (original, reading, translation, interpretation). Almaty: Abzal-Ai [in Kazakh].
- 11 Bartold, V.V. (1968). *Raboti po istorii i filologii tiurkskikh i monholkskikh narodov* [Compositions. Works on the history and philology of the Turkic and Mongolian nations]. (Vols. 1–8; Vol. 5). Moscow: Nauka [in Russian].
- 12 Kazak khalkinin filosofıialik murasi [Philosophical heritage of the Kazakh people] (2006). (Vols. 1–20; Vol. 14). Astana: Audarma [in Kazakh].
- 13 Dzholdasbekov, M., & Sartkozhauly, K. (2007). *Orkhon eskertkisterinin tolik Atlasi* [Atlas of Orkhon Monuments]. Astana: Kultegin [in Kazakh].
- 14 Bichurin, N.Y. (1950). *Sobranie svedeniı o narodakh, obitavshikh v Srednei Azii v drevnie vremena* [Collection of information about the people who lived in Central Asia in ancient times]. Moscow-Leningrad: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR [in Russian].
- 15 Potapov, L.P. (1973). *Umay — bozhestvo drevnikh tiurkov v svete etnograficheskikh dannikh* [Umai — the deity of ancient Turks in the light of ethnographic data]. Moscow; Potapov, L.P. (1969). *Etnicheskii sostav i proiskhozhdenie altaitsev* [Ethnic composition and origin of the Altaians]. A.P. Okladnikov (Ed.). Leningrad: Nauka [in Russian].
- 16 Orynbekov, M.S. (1977). *Verovaniia drevneho Kazakhstana* [Beliefs of ancient Kazakhstan]. Almaty [in Russian].
- 17 Vainshtein, S.I. (1991). *Mir kochevnikov Tsentralnoi Azii* [The world of nomads of Central Asia]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 18 Kelimbetov, N. (2005). *Ezhelhi dauir adabieti* [Ancient literature]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 19 Klyashtorniy, S.G. *Mifologicheskie siuzhety v drevnetiurkskikh pamiatnikakh* [Mythological subjects in ancient Turkic monuments]. Moscow [in Russian].
- 20 Krader, L. (1963). Organization of The Mongol-Turkic Pastoral Nomad. Mouton and Co. Retrieved from <https://books.google.kz>
- 21 Stebleva, I.V. (1971). *K rekonstruktsii drevnetiurkskoi relihozno-mifologicheskoi sistemy* [Reconstruction of ancient Turkism religious-mythological system]. Moscow [in Russian].

- 22 Abramzon, S.M. (1949). *Rozhdenie i detstvo kirhizskoho rebenka [The birth and childhood of a Kyrgyz child]*. Moscow-Leningrad: Izdatelstvo AN SSSR [in Russian].
- 23 Vasilyev, D.D., & Chadamba, Z.B. (1981). *Drevnetiurkskie epigraficheskie pamiatniki iz doliny reki Uiuk [Ancient Turkic epigraphic monuments from the valley of the river Uyuk]*. Moscow [in Russian].
- 24 Çandarlıoğlu, G. (2013). *İslam öncesi Türk tarihi ve kültürü İstanbul* [in Turkish].
- 25 Mandelshtam, A.M. (1956). Kharakteristika tiurok IX veka v «Poslanii Fatkha b. Khakanu al-Dzhakhiza [Characteristics of the Turks of the IX century in the «Letter of Fatah to Hakan al-Jahiz»]. *Trudy IIAE. AN Kaz SSR — Arkheolohiia — Works of Institute of history, archeology and ethnology. Academy of Science of the USSR. Archeology*. Alma-Ata: Hylym [in Russian].
- 26 Zhusip, Balasagun (1986). *Kutti bilik [Gracious knowledge]*. Translated from ancient Turkic and toponymic speech by Egeubaev A. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 27 Isbekova, U.K. (2011). *Orta hasirdahi turki tilderinin damu tarikhi [History of the development of medieval Turkic languages]*. Astana: Saryarka [in Kazakh].
- 28 Kafesoğlu, İ. (1987). *Türk Milli Kültürü*. İstanbul [in Turkish].
- 29 Toleubaev, A.T. (2013). Kazak khalki etnokhraftiasinin maseleleri [Problems of Kazakh ethnography]. *Dunieden qaytqan adamdi jerleu jane artin kutuhe baylanisti nanim-senimder — Faith in the burial of the dead and their care*. Almaty [in Kazakh].

РЕПОЗИТОРИЙ КАРГУ